

Медициналық бұйымды медицинада қолдану жөнінде нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы

Емшектегі балаларға арналған 3 бір реттік қондырмалары бар Синомарил, мұрын аспираторы

Медициналық бұйымның құрамы мен сипаттамасы

Мұрын вакуумды аспираторы бекітілуін қамтамасыз ету үшін тығыздығы жоғары полиэтиленнен дайындалған орнықты орталық корпустан, қозғалысына ықпал ететін иілгіш силикон түтіктен және мұрын сөлін сорғызып алуға арналған, полипропиленнен жасалған аспирациялық мүштіктен тұрады. Термопластикалық эластомерден жасалған, бала мұрнының тесігіне сәйкес келетін анатомиялық формадағы және мұрын сөлін жинақтап, оның аспираторына түсуін болғызбайтын сіңіргіш сүзгісі бар 3 бір реттік қондырмалар. Ұштығы бала мұрнында артық жайсыздықты болғызбайтын жұмсақ материалдан жасалған.

Құрамында дәрілік зат, биологиялық немесе наноматериал жоқ.

Ішінде аспиратор мен анатомиялық формадағы үш бір реттік қондырма бар тығыз блистер. 1 блистер медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картоннан жасалған қорапшаға салынған.



№ LK-FT-071 спецификацияға сәйкес өндірілген.

Медициналық бұйымның қолданылу саласы және тағайындалуы:

Оториноларингология.

Мұрнының бітелуі қапыпты тыныс алуға бөгет бола отырып, нәрестелерге көптеген жайсыздықты туындатады, емшек ему үдерісі мен ұйқысын қиындатады.

Синомарил тұмаудан, суық тиюден, синуситтен, аллергиялық реакциядан нәрестенің мұрны бітелгенде және тұмаумен қатар жүретін мұрын сөлін шығарып тастауға, сөйтіп баланың тыныс алуын жеңілдетіп, жақсы сезінуіне ықпал етеді.

Қолдану тәсілі

1. Қауіпсіз және ыңғайлы беткейге баланы шалқасынан жатқызыңыз.
 2. Алынбалы қондырманы вакуумды аспиратордың орталық корпусына орналастырыңыз (суретті қараңыз).
 3. Қондырманың ұштығын мұрын тесігіне орналастырыңыз. Ауаны мүштек арқылы ауызбен абайлап, баяу біркелкі тартыңыз. Сүзгісі сөлді ұстап, оның түтік пен қондырмаға өтуін болғызбайды, осылайша ішке түсетіндей кез-келген ықтималдықты болғызбайды.
 4. Бұл емшараны басқа мұрын тесігі үшін де қайталаңыз.
 5. Сорғызылып алынған шырыш бар қондырманы мұрыннан шығарып алыңыз және тастай салыңыз.
- Шырышты сұйылту үшін мұрынды шаю тұзды ерітіндінің көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Мұрын аспираторының құрамдастары



Медициналық бұйымды пайдалану кезінде сақтық (қауіпсіздік) шаралары және шектеулер бойынша ақпарат:

Аталған препарат пайдалануда өте қарапайым және нәресте үшін қосымша қауіп тудырмайды.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Қолдануға болмайтын жағдайлар анықталмады.

Медициналық бұйымды сақтау мерзімі мен шарттары туралы ақпарат.

Сақтау мерзімі

5 жыл. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін пайдалануға болмайды.

Сақтау шарттары

Сақтау кезінде айрықша сақтық шаралары болмайды.

Зақымдану мен күн сәулесінің түсуінен аулақ болу үшін аспираторды қаптамасында, бөлме температурасында сақтаңыз.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Медициналық бұйымның өндірушісі және оның уәкілетті өкілі туралы мәліметтер.

Өндіруші

PHARMALINK S.L.

Parc Technologic del Valles- Avda. Universitat Autònoma, 13. 08290 Cerdanyola del Vallès, Барселона, Испания. Тел. +34666570401.

<http://www.pharmalink-phpk.com>

Ұлыбритания, Seltfar LTD. компаниясы үшін тапсырыспен дайындалды. (Berkeley Square house office 132, London, England, W1J 6BD).

Тел./факс: +44 (0)207 969 1421/1424, info@seltfar.co.uk

Қазақстан Республикасы аумағында өндірушінің уәкілетті өкілі, тұтынушылардан медициналық бұйым жөніндегі шағымдарды (сұшыстарды) қабылдайтын, медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйым:

«Сэлтфар ЛТД» өкілдігі. Алматы қ., Әл-Фараби д-лы 5, Нұрлы тау 1А, 301 кеңсе. Тел/факс +7 (727) 311 16 28. Электронды пошта:

info@seltfar.co.kz

Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты шығару: XX.XX.XXXX

Таңбалау кезінде пайдаланылған символдар мен белгілеулердің түсіндірмесі

Еуропалық Одақтың директивалары мен үйлестірілген стандарттарының негізгі талаптарына бұйымның сәйкестік белгісі

Қоршаған ортаны қорғау **EXP.** дейін жарамды **LOT** сериясы **MD** Медициналық бұйым

Шешімі: N047748

Шешім тіркелген күні: 31.01.2022

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең